



Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

МЕРЕЙТОЙҒА ДАЙЫНДЫҚ ҚЫЗУ ЖҮРУДЕ

Білім мен ғылымның киелі ордасы қарт ҚазҰУ биыл 80 жылдық мерейлі жылға аяқ басты. Университет ұжымы үшін мерейтойды өз деңгейінде атап өту аса маңызды. Сондықтан кешегі ректорат мәжілісінде университеттің мерейтой шараларына дайындық барысы басты назарға алынды.

Жалпы ұйымдастыру шараларына жауапты Бірінші проректор Мұхамбетқали Мырзабайұлының айтуынша, жұмыс жоспарға сай іске асуда. Ол мерейтойға дайындық жұмыстарының графигі жіті бақыланып, шаралардың жоспары мен бағдарламалары үнемі жетілдірілу үстінде екендігін жеткізді. Мәселен, «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға 80 жыл» мерейтойлық медалін дайындау жұмыстары аяқталған. Университет әріптестеріне мерейтойлық аптаның бағдарламасы мен ақпараттық хаты жолдануда. ҚазҰУ-ға 80 жыл – жалпыуниверситеттік кітабы, 2004-2014 жылдарға арналған ҚазҰУ шежіресі және Факультеттер тарихы кітаптары баспада редакциялық өңдеуден өтуде.

21-31 мамыр аралығында өтетін мерейтойлық онкүндіктің шымылдығын ашатын III азиялық университеттер форумын ұйымдастыру шаралары да 5-ші айға қойылған. Сонымен қатар барша ұжым жауапты әрі мүдделі мерейтойлық дайындық жұмыстары арасында университет рөлі мен беделін айқындай түсетін медиа жоспарды орындаудың маңызы зор. Бұл ретте республикалық басылымдарда жарияланған журналистика факультетінің деканы Өмірхан Әбдиманұлы, филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің деканы Гүлмира Қазыбек,

Жалғасы 2-бетте



© Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

«Қазақстан жолы-2050 – біздің жолымыз!»



11 ақпанда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауын қолдау мақсатында «Қазақстан жолы-2050 – менің жолым!» атты жастар форумы болып өтті. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және Алматы қаласы әкімшілігінің бірлесуімен ұйымдастырылған шара аясында Алматының мыңнан астам студенттері – жастар ұйымдары көшбасшылары, жастар ісі жөніндегі комитет басшылары, студенттік ұйымдардың белсенді өкілдері бас қосты.

Жастар форумы Елбасының саяси бағытын қолдауға арналды. Олар жолдаудың басты бағыттарын іске асыруда өз ойларымен бөлісті. Сондай-ақ, университет қабырғасында оқи отырып, әртүрлі салада қандай жетістіктерге жеткендерін айтып, мемлекет басшысының үнемі жастарға деген ілтипатына зор алғыс білдірді.

Форум қатысушыларына ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Зәуреш Аманжолова, ҚР Парламент Сенатының депутаты Нұрлан Оразалин, қалалық жоғары оқу орындарының тәрбие ісі жөніндегі проректорлары қолдау танытты.

Жастармен кездесуге арнайы келген ҚР Сенатының

депутаты Нұрлан Оразалин студенттерге өз ойын айтып, пікірін білдірді. Ол: «Мәңгілік Ел деген қасиетті ұғым. Жастар жолдаудағы бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ деген үш ұғым бір тағдырды құрайтынын түсініп отыр. Тағдырымыз мықты болу үшін мақсатымыз айқын болуы керек. Бұл жай ұран сөз емес. Бүгінгі жас – ертеңгі осы қоғамның иесі. Бүгінгі ұлттық университетте өтіп жатқан жиын арқылы жастар бойына ұлтжындылықты, құндылықтарды бере білуіміз керек. Олар алдыңғы буыннан әлдеқайда ақылды, білімді, мықты болып өсулері тиіс», - деді.

«Форумда Елбасы Жолдауын жастарға жеткізіп, талқылап, негізгі мақсаттарға қалай жетуге болатындығы айтылып отыр. Тәуелсіздік алғаннан бері бірінші халықтық ұлттық идея – «Мәңгілік ел» идеясы. Ол болашаққа арналған үлкен жолдау. Биылғы жолдаудың тағы бір ерекшелігі, болашақта ғылымға негізделген экономика жобасын жасау. Бұл білім және ғылыммен байланысты», - деді өз сөзінде ректор Ғ. Мұтанов.

Форум барысында студенттер 2050 Стратегиясының іске асуында жастардың үлесі, ел болашағы үшін жас буынның әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру, ғылым мен инновацияның өсуіндегі рөлі, қоғамда толерантты атмосфераны сақтау, «Мәңгілік ел» ұлттық идея құндылықтарын нығайту және т.б. мәселелер талқылады.

«Жолдаудың басым бағыттарына қол жеткізу үшін ҚазҰУ-да нақты жұмыс жасалып жатыр. Техопаркте студенттерге идеяны іске асыруға барлық мүмкіндік те, жетістігіміз де бар. Белсенді жастар Жолдауды оқып, оның ел ертеңі үшін маңыздылығын түсініп, жарқын болашақ үшін бүгіннен бастап оқуда озат, ғылымда мықты, бәсекеге қабілетті маман болып шығуға бар ынта-ықылас, күш-жігермен атсалысамыз», - деді студенттік бизнес-инкубатор жетекшісі Асхат Абжанов.

Жалғасы 3-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

БҮГІНГІ САНДА:

БҮГІНГІ САНДА:

АУҒАН СОҒЫСЫНЫҢ
АЯҚТАЛҒАНЫНА
25 ЖЫЛ



5-бет

ЖЕЗ ҚОҢЫРАУ



7-бет

ТАК ДЕРЖАТЪ
АСХАТ!



8 - стр.

Жалғасы. Басы 1-бетте

«Қазақстан жолы-2050 - біздің жолымыз!»

Ел Президенті жастарға артқан сенімді іске асыруда өз білімі мен қабілеттерін, Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың идеясының іске асуы үшін бірігіп, форум соңында Алматы қаласы студенттерінің Қазақстан жастарына арналған үндеуі қабылданды.

Үндеуде «Біз, республика жастары Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың идеясын жүзеге асыру үшін «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы негізінде жатқан осы құндылықтар төңірегіне топтасып, бар күш-жігерімізді, өз білімдеріміз бен мүмкіншіліктерімізді Тәуелсіз Қазақстанның дамуы жолына бағыттауға шақырамыз! Қазақстан жолы 2050 – біздің жолымыз!» делінген.

Баспасөз қызметі

Біз, жастар, барша қазақстандықтармен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа арналған жыл сайынғы Жолдауын биылғы жылы да ерекше толқыныспен, бар ынтамызбен тыңдадық.

Елбасы бұл жолы да Тәуелсіз Қазақстанның болашақ даму бағдарын айқындап берген «Қазақстан-2050» стратегиясын орындау мен жүзеге асыруда болашақтың өкілдері – жастарға ерекше сенім артты.

Елбасы әлеуметтік қолдау мәселелеріне ерекше тоқталып өтті. Президентіміз Үкіметке 2016 жылы 1 қаңтардан бастап стипендиялар мөлшерін 25 пайызға көтеру туралы тапсырма берді. Мұның барлығы біздің қоғамымызды жаңғыртуға бағытталған. Елбасы әлеуметтік жаңғырудың негізгі принциптерінің бірі – әлеуметтік серіктестік екендігін әрқашан айтып келеді. Сондықтан ҚазҰУ-дың жастар саясаты саласында әлеуметтік серіктестік бағдарламасы қабылданды. Мұндағы басты мақсат – Қазақстан қоғамының болашақ кәсіби және парасатты элитасы болатын студент жастардың әлеуметтік әлеуетін дамыту.

Студенттерге университетті басқаруға белсенді қатысу мүмкіндіктерін беру – мықты мотивациялық фактор. Ол студенттік ұйымдардың қызметіне инновациялық сипат беріп, жас азаматтың әлеуметтік әлеуетін сындарлы пайдалануға мүмкіндіктер туғызады.

Университет студенттеріне әрдайым әлеуметтік көмектер мен жеңілдіктер көрсетіліп тұрады.

Мен, еліміздегі көшбасшы оқу орны – ұлттық университет студенті ретінде университетімізде студенттің жалпы әлеуметтік жағдайы мен көңіл-күйіне толық жағдай жасалғандығын мақтанышпен атап өткім келеді.

ҚазҰУ Елбасы жүктеген міндеттерді жүзеге асыруда да алдыңғы қатарлардан көрініп келеді.

Сондықтан Елбасының еліміздегі жетекші оқу орындарына қойып отырған талаптар үдесінен шығу мақсатында заманауи университеттің жаңа формациясын ұсынды. Ол «Al-Farabi university smart city» ғылыми-инновациялық жобасы. Жаңа үлгі ұлы ойшыл әл-Фарабидің ерекше қала ойларына негізделген.

Қымбатты менің замандастарым, достар! Бүгінгі таңда біздің дамуымызға Отанымызда барлық мүмкіндіктер мен жағдайлар жасалған. Барша қазақстандық жастарды жасампаздық пен адал еңбекті ту етіп, өз болашағымызды бірге жасауға шақырамын!

Айдана СЫДЫҚОВА,

“Сұңқар” студенттер кәсіподағының төрайымы

Биылғы Жолдаудың ерекше құнды арнасы - Мәңгілік Ел идеясы болды.

Елбасы: «Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы», – деп түйіндейді. Иә, Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың ықылым ғасырлардан бергі асыл арманы. Болашағымызға айқын бағыт-бағдар беретін де, ұлтымызды ұжымшылдыққа ұйыстыратын да, межелі ұлы мақсаттарға жетелейтін де осы – Мәңгілік Ел идеясы.

Құрметті жастар! Мәңгілік Ел болу идеясына үлес қосу әркімнің өз қолында. Бұл үшін Қазақстанның әр азаматы өзін-өзі үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуы керек.

Біз, ҚазҰУ жастары «Қазақстан -2050» стратегиясында қойылған мақсаттар мен міндеттерді белсенді түрде жүзеге асыруға атсалысып, Елбасының бастамаларына қолдау көрсету бағытында бірнеше инновациялық әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруды қолға алдық. Олар: «Айналанды нұрландыр!», «100 кітап» «Саламатты дене мәдениеті» жобалары. Сондай-ақ, ҚазҰУ жастары ректорымыз Ғалым Мұтанұлының қолдауымен Тұңғыш Президент күніне арналған студент жастардың жыл сайынғы дәстүрлі республикалық «Мен жастарға сенемін» фестивалін өткізіп келеді. Фестивальдің басты мақсаты Елбасы бастауында тұрған игі істерді одан әрі дамыту мен егемен еліміздің гүлденуі жолындағы жастардың орны мен үлесін саралауға бағытталған.

Біз әрқайсымыз «мәңгілік ел» құру ісінің қатысушыларымыз. Мен бүгін сіздерді, өз замандастарымды Қазақстан халқына ерекше толғаныс, қозғалыс, серпіліс берген ерен құжат – Елбасы жолдауын қолдауға шақырымын. Қашан да мақсатымыз айқын, мүддеміз бірегей, болашағымыз баянды бола бергей!

Әкімхан ОРТАЕВ,

тарих, археология және этнография факультетінің 4 курс студенті, “Жас тарихшы” клубының студенттік жетекшісі

Президент верит и делает все, чтобы молодежь страны стала новой генерацией казахстанцев, способной превратить Казахстан в конкурентоспособное государство. Сегодня у нас есть все необходимые условия, чтобы стать профессионалами своего дела и успешно реализовать себя в жизни. Внедренные в нашем университете новые экспериментальные образовательные программы, соответствующие высоким международным стандартам качества и основанные на компетентностно-модульной модели обучения, позволяют нам получать знания качественно нового формата. Мы отчетливо понимаем – сегодня мало иметь хорошие знания, нужно обладать такими компетенциями, которые завтра позволят нам успешно решать самые актуальные производственные задачи.

Диана УСПАНОВА,

студентка КазНУ, руководитель Студенческого бюро по Болонскому процессу



«Қазақстан» деген жалғыз ауыз сөздің құдіреті мен қасиетін осы жерде туған және осы өлкеде өскен әрбір азаматтың сергек сезінуі парыз. Бұл сөз біздің қанымыз бен жанымыздың ажырамас бір құрамдас бөлігі. Қазақ жері, қазақ елі біздің ата-бабаларымыздың кейінгі ұрпаққа қалдырып кеткен баға жетпес байлығы және асыл мұрасы.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев бастаған жас мемлекеттің ең мықты мамандарының ерен еңбегінің арқасында халқымыз – тыныштықта, Отанымыз – еркіндікте. Аз ғана жылда аспанның астын жайнатып, ел ордамыз Астана – Еуразияның ортасында шаһарын тұрғызды. Елдің бірлігі артып, берекесі кірді. Іргеміз тыныш.

«Қазақстан - 2050» стратегиясындағы аса маңызды басым бағыттардың бірі «Мемлекеттілікті одан әрі нығайту және Қазақстандық демократияны дамыту» болып табылады. Соның ішінде негізгілерінің қатарына құқық қорғау органдары мен арнаулы қызметтерді реформалау және тәртіпсіздікке мүлде төзбеушілік принципін енгізу жатады. Аталған шараларды іске асыруға киелі қара шаңырақ, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің белсенді студенттері де кірісті. Студенттер арасында құқықтық сананы қалыптастыру мақсатында біздің университетімізде бірқатар іс-шаралар қолға алынды. Құқықтық білім және тәрбие беру бойынша орталықтар ашылды. Оған, мысал ретінде заң факультеті тарабынан ұйымдастырылған «Заң клиникасы». Айта

кететін жөн, университет аумағында, тәртіптің сақталуын қадағалайтын «Құқықтық тәртіп отряды» өз жұмысын атқаруда.

«Қазақстан - 2050» стратегиясында Елбасы тәртіпсіздікке мүлде төзбеушілік принципін енгізуге шақырды. Бұл идеяның басты мақсаты адамдар арасындағы экологиялық жағдай проблемаларына, қоғамдық тәртіп бұзушылыққа қатысты немқұрайлықты жою. Университет ауқымында аталған мақсатқа жету жолында бірқатар іс-шаралар қолға алынды. Осындай жағдайды туындатқан факторлар барлығымызға белгілі. Сондықтан олардың алдын алу мақсатында студенттер тарапынан бірнеше әлеуметтік жобалар, акциялар ұйымдастырылуда. Олар: anti-smoke, ЭКО спецназ сияқты әлеуметтік эффектісі болатын бастамалар. Сонымен қатар еріктілер тобы қала деңгейінде ұйымдастырылатын іс шаралардан тыс қалмайды. Ал ең ауқымдылардың бірі болып Green Campus әлеуметтік жобасы табылады. Оның басты мақсаттары мен құндылықтарына жастар арасында әлеуметтік, экологиялық жауапкершілікті қалыптастыру, экоинновацияны енгізу, жастар қоғамы арасында толеранттылық, мөлдірлік ұстанымдарын енгізу жатады.

Елбасы айтқандай, бүгінгі игіліктің бәрі – жастарға, себебі біз – ел келешегі. Біз елімізді әлемге танытып, Елбасымыздың жолдауындағы жұмыстарды атқару үшін, алдымен жақсы білім алып, тәлімді тәрбиелі болуымыз қажет.

Сондықтан, Отанымыздың көркейіп, гүлденуіне өз үлесімізді қосып тәуелсіз еліміз үшін, Отанымыз үшін, еліміздің тыныштығы мен сәбилердің күлкісі үшін, бар күш-қуатымызды жұмсап, жұмыс жасауға ант етеміз!!!

Еркебұлан САПАРҒАЛИЕВ,

философия және саясаттану факультетінің 2 курс студенті, “Политолог” клубының студенттік жетекшісі

■ КҮНТІЗБЕЛІК

Жалғасы. Басы 2-бетте

ТАРИХ БЕТТЕРІНЕ ШОЛУ

Мамырдың 18-жұлдызында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарихи музейінің жаңа залының салтанатты ашылу рәсімі болды.

2 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының шақыруымен елімізге келген Сауд Арабиясы корольдігінің Әділет министрі Абд Алла бин Мухаммад бин Ибрагим аль аш-Шейх басқарған делегациясы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қонақта болды.

2003 жыл

Париж (Франция). Өнеркәсіпті қолдау ассоциациясының (SPI) 2002 жылғы Халықаралық конкурсының қорытындысы бойынша ғылым мен білімді дамыту саласына қосқан зор үлесі мен әлемдегі үлкен беделі үшін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне “SPI Алтын медалі” табыс етілді.

11 сәуір күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы бойынша қорытынды ғылыми-практикалық конференция болып өтті.

Сәуір айының 23 жұлдызында Қазақ ұлттық университетінің жанындағы Қытай тілдері орталығының тұсаукесер рәсімі болып өтті.

10 қыркүйек күні Румынияның Президенті Ион Илияску Қазақстан Республикасында жоғары оқу орындарының киелі қара шаңырағы болып саналатын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да оқытушылар, профессорлар, студенттер қауымымен кездесті. Қонаққа “ҚазҰУ-дың құрметті профессоры” атағы берілді.

16 қыркүйек айында Болонья (Италия) қаласында Қазақ ұлттық университеті Университеттердің Ұлы Хартиясына қол қойды. Сөйтіп, университет Қазақстан жоғары оқу орындары мен Орта Азия мемлекеттері арасынан бірінші болып еуропалық білім беру кеңістігіне енді.

2004 жыл

25 маусымда ҚазҰУ-дың Ө.А. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында Республикалық “Отан” саяси партиясының бастамасымен және қолдауымен “Жастар сапалы білім үшін” атты Қазақстанның Республикалық жоғарғы оқу орындарындағы үздік студенттердің слеті болып өтті.

8 қыркүйек айында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев пен Чехия Республикасының Президенті В.Клаус ресми сапармен келді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев пен Чехия Республикасының Президенті В. Клаус ҚазҰУ-дың болашақ Ғылыми кітапхана ғимаратының алғашқы кірпішін қалады. Мәртебелі қонақтар Ө.А. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында ұстаздар мен студенттер қауымымен кездесті. Мәртебелі қонақ Вацлав Клаусқа “ҚазҰУ-дың құрметті профессоры” деген атақ берілді.

Жалғасы бар...

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мұражайы

В КазНУ состоялся молодежный форум «Қазақстан жолы-2050 – менің жолым!», где его участники приняли обращение к молодежи Казахстана

Высокая награда



В числе обладателей высокой государственной награды – ордена «Құрмет», врученной Министром образования и науки РК Асланом Саринжиловым за особые заслуги в развитии образования, науки и культуры, стала академик КазНАЕН, доктор биологических наук, профессор кафедры биотехнологии КазНУ Ажар Жубанова.

С 1-го января 1986 года и до сегодняшнего дня А.А. Жубанова работает в КазНУ. Одновременно с преподавательской деятельностью Ажар Ахметовна активно занимается научной деятельностью. Она является зав. лабораторией прикладной микробиологии НИИ биологии и биотехнологии при КазНУ и лабораторией экологической биотехнологии НИИ проблем экологии при КазНУ.

Сегодня А.А. Жубанова является научным руководителем 3-х проектов, финансируемых МОН РК. Они направлены на решения фундаментальных и прикладных задач биотехнологии, таких, как изучение метаболических возможностей промышленно-ценных штаммов микроорганизмов и создание на их основе гетерогенных биоконструктов нового поколения на основе иммобилизации биообъектов на наноструктурированную поверхность карбонизованных сорбентов на основе вторичного растительного сырья. Так, созданы новые микробные биопрепараты для пищевой промышленности

и птицеводства – биологически активные добавки к пище и к кормам цыплят-бройлеров, для медицины – пробиотического, детоксицирующего и эфферентного действия, для экологии – ремедирующего действия для восстановления почв и водоемов, загрязненных тяжелыми металлами, нефтью, нефтепродуктами и различными органическими загрязнителями. Эти работы проводятся совместно с Институтом проблем горения.

По результатам научных исследований, проведенных под научным руководством профессора А.А. Жубановой, защищено 20 кандидатских, 5 докторских диссертаций по биологическим и химическим наукам, а в рамках совместных исследований с Аахенским университетом прикладных наук (Германия) ею подготовлено 3 доктора философии (PhD).

Список научных трудов (монографий, учебно-методических пособий, научных и публицистических статей, авторских свидетельств), опубликованных ею в отечественных и зарубежных изданиях, в журналах с импакт-фактором и в изданиях, цитируемых Scopus, достигает 400 наименований.

Ажар Ахметовна проходила научные стажировки, читала лекции в Аахенском университете прикладных наук (Германия), в Монтанском университете (США), участвовала в работе ряда международных симпозиумов и конференций. Она является членом редколлегии научных журналов: «Science of Central Asia», «Биотехнология. Теория и практика».

За вклад в развитие науки и высшего образования она награждена медалью «10 лет Астаны», Нагрудными знаками МОН РК – «Почетный работник образования» и «Почетный работник науки», грантом МОН РК «Лучший преподаватель 2007 года» и Серебряной медалью КазНУ.

Коллектив кафедры биотехнологии поздравляет Ажар Ахметовну с высокой Правительственной наградой и желает Вам творческих успехов!

А.С. КИСТАУБАЕВА,
зам. зав. кафедрой биотехнологии,
к.б.н., доцент

Мұнай және газ саласындағы заңгерлер ассоциациясының президенті (KPLA), «Шеврон» халықаралық энергетикалық корпорациясының Еуразиялық бөлімшесінің Басқарушы құқықтық кеңесшісі, ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының докторы, Төрешілердің Корольдік Институтының (Member of the Chartered Institute of Arbitrators, "MCI Arb") мүшесі, Қазақстанның коммерциялық заңгерлерінің (KazBar) мүшесі, Англия-Ресей заңгерлер ассоциациясының мүшесі, бірнеше коммерциялық төрелік соттардың төрелісі Елубаев Жұмагелді Сәкенұлы асқаралы 60 жасқа толды.



Еңбек — бәрін де жеңбек

Ол Свердлов заң институтының сот прокуратура факультетін өте жақсы бітірген соң мемлекеттік жолдамамен әр жылдары Свердловск қаласындағы Ішкі істер бөлімінде Көліктегі инспектор, РСФСР Свердловск облысының Ивдель қалалық халық сотында төрелісі, Алматы қалалық сотында төрағаның қылмыстық істер жөніндегі орынбасары, Қазақстанның Компартиясының Орталық Комитетінің мемлекеттік-құқықтық бөлімінде нұсқаушы және кеңесші, Қазақстан Республикасының Жоғары Сотының судьясы, Қазақстан Республикасының Бас прокурорының орынбасары, Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі, «Теңішевройл» бірлескен кәсіпорнының Келісімшарттық-құқықтық бөлімінде бас менеджер қызметтерін атқарды.

Мемлекеттік жауапты қызметтерді атқарумен бірге Жұмагелді Сәкенұлы ғалым ретінде «Сот жүйесі мен судьялар мәртебесі туралы», «Прокуратура туралы», «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы», «Адвокаттық қызмет туралы», «Сот приставтары туралы», сонымен қатар Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу, Азаматтық, Азаматтық-іс-шараның кодекстерін дайындауға белсенді қатысты. «Сот приставтары туралы», «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» сияқты заңнамалық актілерін, сонымен қатар Қылмыстық Кодексті Қазақстан Республикасы заң шығарушы органдары баяндамасы негізінде қабылдады.

Жұмагелді Сәкенұлы ғылыми шығармашылықпен үздіксіз айналысып келеді. «ҚР Жоғары сот жаршысы», «Заң және Заман» журналының редакциялық алқасының мүшесі. Орыс және ағылшын тілдерінде шығатын «Недропользование

и право» (Жер қойнауын пайдалану және құқық) журналын құрушы және бас редакторы.

Ғалымның ел дамуы үшін сіңірген еңбектері елеусіз қалып жатқан жоқ. Жұмагелді Сәкенұлы Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесін дамытуда қосқан елеулі үлесі үшін «Құрмет» орденімен және «Қазақстан Республикасының Конституциясына 10 жыл», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» медальдарымен, «Қазақстан Республикасының прокуратурасына 20 жыл» ведомстволық медалімен, KAZENERGY ассоциациясының ведомстволық медалімен марапатталды, «Цицерон» халықаралық сыйлығының иегері.

Заң ғылымдарының докторы, көрнекті ғалым Жұмагелді Сәкенұлы бүгінде жоғары бағаға ие 100-ден астам ғылыми басылымның авторы.

Елбасы Жолдауында инновациялық индустрияландырудың трендін күшейту мәселелері алға қойылды. Осы аталған келелі істерді жүзеге асыруда Жұмагелді Сәкенұлының жазған еңбектерінің мемлекеттің дамуы үшін тиімді пайдалы жақтары өте зор болмақ.

Көрнекті ғалым, өмір жолы жастарға үлгі болған Қазақстанның өркендеуіне үлес қосып келе жатқан аяулы азамат Жұмагелді Сәкенұлы әлі де талай құнды ғылыми еңбектерді жазып, ел құрметіне бөлене беретініне сеніміміз зор. Өйткені ол өте еңбекқор азамат, ел арасында «еңбек бәрін де жеңбек» деген қағида бар. Жұмагелдінің еңбекқорлығы – бүгінгі қолы жеткен табыстарының көзі.

Арықбай АҒЫБАЕВ,
заң ғылымдарының докторы,
ҚазҰУ профессоры,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

УЧЕНЫЙ, ПЕДАГОГ, НАСТАВНИК

8 февраля 2014 года исполнилось 80 лет со дня рождения известного ученого-химика, профессора Владимира Андреевича Захарова. Ровесник КазНУ, в стенах которого он учился, закончил аспирантуру и продолжал трудиться до последних дней своей жизни.



В 1952 году поступил на химический факультет КазГУ, по окончании которого был оставлен в университете. В аспирантуре кафедры химии редких элементов в КазГУ под руководством выдающегося аналитика и электрохимика, члена-корреспондента АН КазССР Ольги Альфредовны Сонгиной продолжил начатые ещё в студенческие годы исследования по амперометрическим методам анализа. В эти же годы он прошел стажировку в Карловом университете (Чехословакия). После окончания аспирантуры начал работать на химическом факультете, где прошел трудовой путь от ассистента до

заведующего кафедрой химии редких элементов.

В 1974 году защитил кандидатскую, в 1974 году - докторскую диссертацию. Основным направлением научной деятельности ученого были фундаментальные исследования в области электрохимических и химических методов исследования и анализа редких, цветных и благородных металлов и объектов окружающей среды, связанные с актуальными задачами теории и практики аналитической химии, дальнейшим развитием науки и запросами промышленности Казахстана. Результаты научных исследований докладывались на Международных, Всесоюзных и Республиканских научных конференциях, симпозиумах и совещаниях. Им опубликованы 2 монографии (в издательстве «Химия», Москва), 28 учебно-методических пособий, свыше 400 научных трудов. Он является автором 17 авторских свидетельств и патентов. Профессор В.А. Захаров внес большой вклад в подготовку

научно-педагогических кадров. Под его руководством защищено 13 кандидатских диссертаций.

Профессор В.А. Захаров был блестящим педагогом, лектором. Им были разработаны и читались на высоком уровне многочисленные общие и элективные курсы. Им впервые были разработаны и читались на естественных факультетах такие междисциплинарные курсы, как «Философские проблемы химии», «Концепция современного естествознания», «Социальная экология».

Научную и педагогическую деятельность профессор В.А. Захаров успешно сочетал с административной, научно-организационной, общественной деятельностью. В разное время занимал ответственные посты в университете: заведующий кафедрой химии редких элементов, заместитель декана химического факультета, начальник учебно-методического управления КазГУ, ученый секретарь Ученого Совета, председатель Диссертационного Совета, проректор по научной работе КазГУ.

В течение ряда лет был членом Научного Совета АН СССР по аналитической химии, председателем секции рационального использования материально-технического потенциала и производственной базы Совета по связям АН КазССР с высшей школой Казахстана, членом совета по планированию и координации научных исследований АН

КазССР, членом редколлегии журнала «Известия НАН РК, серия химическая», членом Экспертного совета ВАК РК, членом секции наук о Земле Комитета по Государственным премиям в области науки и техники при Кабинете Министров Казахстана. Всё это является свидетельством признания научных, организационных и педагогических заслуг профессора В.А. Захарова.

Высококультурный, интеллигентный человек, он создавал вокруг себя атмосферу доброжелательности, взаимопонимания и уважения. С ним было легко работать. Владимир Андреевич был демократичен, доступен, надежен во всём.

Крупный ученый, талантливый педагог и организатор, внесший существенный вклад в развитие химической науки и образования Казахстана, В.А. Захаров пользовался заслуженным уважением научной общественности республики, своих коллег и студентов.

Мы, коллеги и ученики, всегда будем с глубокой благодарностью вспоминать и почитать Владимира Андреевича Захарова.

Д.Х. КАМЫСБАЕВ,
заведующий кафедрой
аналитической, коллоидной химии и
технологии редких элементов, профессор
Н.С. ШАРИПОВА,
профессор

ҚазҰУ-да профессор Ғарифолла Есімнің «Мәңгілік ел философиясы» атты лидерлік дәрісі өтті

АУҒАН СОҒЫСЫНЫҢ АЯҚТАЛҒАНЫНА-25 ЖЫЛ

Биыл мыңдаған жас жат елде қыршынынан қиылған, аман қалғаны майдан даласынан жарақатпен, жан жарасымен оралған Ауған соғысының аяқталғанына 25 жыл. 1989 жылы 15 ақпанда құрамында қазақстандықтар соғысқа қатысқан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингенті үшін 10 жылға созылған сұрапыл соғыс күндері артта қалған еді. Соғыс қазақстандық жауынгерлердің жүрегінде жазылмас жара мен ұмытылмас ерліктер қалдырды.

Белгілі тарихшы-ғалым, Ауған соғысының ардагері Болат Санабайұлының мәлімет беруінше, Ауған соғысы төрт кезеңге бөлінеді.

1-кезең: 1979 жылғы желтоқсан – 1980 жылғы ақпан аралығы. Бұл кезеңде Кеңес әскерлерін Ауғанстанға енгізу, оларды горнизондарға орналастыру жүзеге асырылды.

2-кезең: 1980 жылғы наурыз – 1985 жылғы көкек аралығы. Бұл кезеңде белсенді соғыс қимылдарына көшу жүргізілді.

3-кезең: 1985 жылғы мамыр – 1986 жылғы желтоқсан аралығы. Бұл кезеңде белсенді соғыс қимылдарынан ауған әскерлерінің әрекетіне кеңестік авиациямен, артиллериямен және

саперлік бөлімшелермен көмек көрсету жалғастырылды.

4-кезең: 1987 жылғы қаңтар – 1989 жылғы ақпан аралығы. Ауғанстан басшыларының ұлттық татуласу саясатын жүргізуіне Кеңес әскерлері де қатысып, Кеңес әскерлерінің Отанға оралуына дайындық және толық шығып кету іске асты.

Тұтастай алғанда, КСРО-ның 620 мың азаматы Ауған соғысына қатысқан. Олардың 525 мыңы Кеңес армиясының офицерлері мен солдаттары, 90 мыңы Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің шекаралық бөлімшелерінде, 5 мыңы ішкі әскерлер мен милиция қатарында өз міндеттерін өтеген.

«Ауғанстанда Кеңес әскерлерінің



шектеулі контингенті құрамында барлығы 200153 адам мемлекеттік марапаттауларға ие болса, оның 10955-і осы соғыста шейіт кетті», – дейді Болат Санабайұлы.

Құрбан болған боздақтарды ұмытпай, еске алу, арамызда жүрген Ауған соғысы ардагерлеріне құрмет пен қолдау көрсету, олардың ерлігін дәріптеу – баршамыздың

азаматтық міндетіміз. Олардың әскери антқа беріктігі, отансүйгіштігі мен патриоттығы көпке үлгі, жастарға өнеге. Осы орайда университетімізде ұстаздық етіп, жастарға тәлім-тәрбие беру ісіне белсене атсалысып жүрген Ауған соғысы ардагерлері бар. Біз Отан алдындағы жауынгерлік борышын адал орындаған асылдарымызбен тілдесіп, пікірлескен едік.



Болат САЙЛАН,
тарих ғылымдарының докторы, профессор,
Ауған соғысының ардагері:

-1979-1989 жылдары Ауған соғысына қатысқан қазақстандықтар КСРО деген алып империяның аясында өз деңгейінде патриотизмнің әр түрлі деңгейдегі үлгілерін көрсеткендігіне бүгінгі күнде ешкім күмән келтірмейді. Ауған соғысы оған қатысқандарға ғана емес, сарбаздардың ата-аналарына, туған-туысқандарына да оңайға түскен жоқ. Қанша жастарымыз қас батырлықпен қан құшты. Еліміз қаншама азаматынан айрылды. Амал нешік, соғыстың аты соғыс. Алайда қандыкөйлек жолдастарының көз алдындағы ерліктері қазіргі ардагерлердің санасында мәңгілік із қалдырып, кейінгіге үлгі-өнеге болып қалды.

Ауған даласында жүргізілген ұрыстарда қазақ жігіттері небір ерліктер жасап, өзгелерге үлгі көрсетті. Олардың көрсеткен ерліктері әлі толық айтылып біткен жоқ. Әлі талай айтылып, талай жазылады. Соғыстан мүгедек болып қайтқандары да аз емес. Олардың көз алдына Ауғанстан жерінде болған жан беріп, жан алысқан қиян-кескі ұрыстар жиі елестеп, түстеріне кіретіні анық. Бүгінде олардың көпшілігі еліміздің өсіп-өркендеуіне үлес қосып келеді. Осыған байланысты Ауған соғысы құрбандарының, ардагерлерінің өшпес ерліктерін қазіргі жастарға үлгі-өнеге етіп көрсету, олардың отбастарының әлеуметтік жағдайларын одан әрі жақсарту және болашақ Отан қорғаушы жастарымызға патриоттық, еңбексүйгіштік тәрбие беру мақсатында Ауған соғысы ардагерлері қоғамдық бірлестігі белсенді қызмет істеуде.

Қорыта айтсам, қолына қару ұстап сапқа тұрған қазақстандықтар өздерінің әскери антын бұзған жоқ. Ауған соғысы өз ақиқатын тауып, күннен-күнге соғыстың әкелген зардабы мен шығыны және тағы басқа қырлары анықталуда. Оның әрбір ақтандақ бетін ашу үшін Ауғанстан мәселесін әлі де жете зерттей түсіп, анықтау керек. Ол-мүгедек болған, жесір қалған, әкесіз жетім қалған жандар мен ұлынан айрылған ата-ананың және Отан үшін отқа түсіп, қыршынынан қиылған, сөйтіп жат жерде көз жұмған қандас, қарулас азаматтарымыз бен боздақтарымыздың алдындағы асыл парызымыз.

Бақытжан СМАН,
заң ғылымдарының кандидаты,
Ауған соғысының ардагері:

-Қазіргі таңда жарқын келешек үшін, жастардың патриоттық сезімдерін ояту, тәрбиелеу үшін басымыздан өткен Ауған соғысының рөлін, қайғы-қасіретін, тәрбиелілігін әрдайым айтсақ артық болмас еді. Ауған соғысына барған жауынгерлеріміздің әрбіреуін батыр деп санаймыз. Өйткені олар қиян-кескі ұрысты, өлімді, қиыншылықты көрді. Достықты, оның ішінде ұлттар арасындағы достықты, татулықты сезінді. Қиын сәтте бір-біріне қолдау білдіріп, көмек берді. Бір-бірін тәрбиеледі деуге болады.

Сол кезеңде көпұлтты әскерилердің ішінде өзіміздің қазақ ұлтының өкілі ретінде жауапкершілігімді айқын сезіндім, патриоттық сезімім бойды көрнеп, қоғамға белсене араласу қажеттігін түсіндім. Ол кезде 19 жастағы бозбала едім. Соғыстың аты – соғыс. Соғыстың 1 күнінің өзі ауыр болды. 10 күн жүріп мерт болған солдаттарды көрдік.

Ең қиындығы сол тыныштық өмірде аяқ асты бір елден екінші елге барып, соғыс қимылына қатысып, бозбала кезімізді соғыс қимылына ауыстырған өте қиынға соқты. Қаншама достарымыздан айрылды. Молдаван, башқұрт, татар халықтарымын бірге жүрдік, көз алдымызда олардың өлгенін көргенде қан майданда көзімізден жас ыршыды, жүрегіміз қан жылады. Әкелеріміздің басынан өткен Ұлы Отан соғысынан естіген әңгімелеріміз сияқты болып жатты бәрі. Катюша, пулемет сынды қару-жарақтарды, қаруланған жалдамалы әскерлерді көргенде жүрегіміз дүрсіл қағатұғын.

Қазіргі жастардың егеменді еліміздің мықты азаматы болып өсуі үшін біздің қиыншылығымызды, басымыздан өткен оқиғаларды айтып, ескертіп, жастарға тәрбиелік мәнінде кездесу шараларын өткізіп тұрсақ артық болмас еді. Кейде студенттер ғана емес, үлкендердің арасында мұндай жағдайды түсінбей, немқұрайды қарайтындығы қынжылтады. Өйткені, тарихты білмейтіндігі, естімегені. Өткенді білмей, келешекке қарай жүру өте қиын деп есептеймін. Бүгінде елімізде көптеген ұлттармен бірге өмір сүріп жатырмыз. Достығымыз берік, татулығымыз жарасқан келешекке бағдар-бағытымызды ұстап отырған кезде Ауған соғысындағы интернационалдық идеяны қолдану аса қажет. Қазіргі жаңа технология заманында жастардың білімі мен дүниетанымын арттыру, қиындыққа төзімділігін шыңдау, Отанымыз үшін қызмет ету мақсатында басымыздан өткен жайттарды еске түсіріп, айтып, тәрбиелік сағаттарды өткізу білімді, саналы, патриоттық сезімдері мықты жастарды баулап өсіруде аса маңызды деген ойды айтар едім.



ТАЙВАН ТЕЛЕАРНАСЫ ШЫҒЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІНДЕ



Жақында Тайваньның Formasa television телеарнасы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шығыстану факультеті қытайтану кафедрасына арнайы келді. Арнайы репортаж жасап, Тайвань журналистері жалпы шығыстану факультетінің құрылу тарихымен танысып, факультеттегі кафедраларды, оқу аудиторияларын, оқу залдарын, лингофон және видеокабинеттерді аралап, факультет басшылығымен, оқытушылармен, студенттермен жолығып, тілдесті.

Факультет жанында құрылып жатқан «Шығыс музейі» Тайвандық қонақтардың үлкен қызығушылығын туғызды. Олар қысқа ғана уақыттың ішінде осынша көп және құнды жәдігерлер жиналған музейге үлкен баға беріп, тайвандық әріптестер таспаға түсірді. Осы істің басы-қасында жүрген қытайтану кафедрасының доценті Фатима Дәулетова «Шығыс музейінің» құрылуы туралы тыңғылықты әңгімелеп берді.

Қазақ ғалымдары атқарып жатқан оқу, білім, ғылым жұмыстарына үлкен таңданыс танытқан шетелдік әріптестер өз кезегінде тәжірибе алмасу үшін қытайтану кафедрасының доценті Фатима Дәулетованың қытай тілі сабағына да қатысты. Өз кезегінде 1 курс магистранттары А. Нұрдолла, Ж. Смағұл, А. Темешова, Г. Әбдіман, Д. Жүнісова, Г. Бодау, Д. Алтынбекқызы,

А. Іңкәрбековалар қатысқан сабақ өте тартымды өтті. Formasa television телеарнасының репортеры Хуаң Чиң И қазақ, орыс, ағылшын, қытай тілінде еркін сөйлейтін студенттермен пікір алмасты. Төрт тілді меңгерген, төрт тілде еркін сөйлейтін магистранттар тіл меңгеруге қатысты, тіл игерудегі ұлттың ерекшелігіне қатысты өз ойларын ортаға салды.

Өз кезегінде қытайтану кафедрасының жетекшісі Зәуре Сейдуллақызы университеттегі, факультеттегі қытай тілін оқыту мәселесіне және университетіміздегі соңғы кезде болып жатқан оң өзгерістер жайлы журналист мамандарына егжей-тегжей ой тарқатты. Тайвандық журналистер шығыстану факультетінен үлкен әсермен аттанды.

Е.Ә. КЕРІМБАЕВ,
шығыстану факультеті, қытайтану кафедрасының аға оқытушысы

19 февраля на юридическом факультете состоится лидерская лекция члена Ассамблеи Народов Казахстана, профессора Казакбая Касымова



М. ЦВЕТАЕВА

*Любовь! Любовь! И в судорогах, и в гробе
Насторожусь — прельщусь — смущусь — рванусь.
О милая! Ни в гробовом сурроде,
Ни в облачном с тобою не прощусь.*

*И не на то мне пара крыл прекрасных
Дана, чтоб на сердце держать пуды.
Спеленутых, безглазых и безгласных
А не умножу жалкой слободы.*

*Нет, выпростаю руки, стан упругий
Единым взмахом из твоих пелен,
Смерть, выдь! — Верст на тысячу в округе
Растоплены снега — и лес спален.*

*И если все ж — плеча, крыла, колена
Сжав — на погост дала себя увести,—
То лишь затем, чтобы, смеясь над тленом,
Стихом восстать — иль розаном расцвететь!*

28 ноября 1920 года
Советская поэзия. В 2-х томах.
Библиотека всемирной литературы.
Серия третья.
Редакторы А. Краковская, Ю. Розенблюм.

Москва: Художественная литература, 1977.

В МИРЕ ПОЭЗИИ МАРИНЫ ЦВЕТАЕВОЙ

Марина Ивановна Цветаева — русская поэтесса, прозаик, переводчик, один из крупнейших русских поэтов XX века. Родилась 26 сентября (9 октября) 1892 года в Москве.

Марина Цветаева оставила значительное творческое наследие: книги лирических стихов, семнадцать поэм, восемь стихотворных драм, автобиографическую, мемуарную и историко-литературную прозу. К этому надо добавить большое количество писем и дневниковых записей. Имя Марины Цветаевой неотделимо от истории русской поэзии. Конец XIX — начало XX века в России — это время перемен, неизвестности и мрачных предзнаменований, это время разочарования и ощущения приближения гибели существующего общественно-политического строя. Все это не могло не коснуться и русской поэзии. Характер у Марины Цветаевой был трудный, неровный, неустойчивый. Илья Эренбург, хорошо знавший ее в молодости, говорит:

“Марина Цветаева совмещала в себе старомодную учтивость и бунтарство, пиетет перед гармонией и любовью к душевному косноязычию, предельную гордость и предельную простоту. Ее жизнь была клубком прозрений и ошибок”. Однажды Цветаева случайно обмолвилась по чисто литературному поводу: “Это дело специалистов поэзии. Моя же специальность — Жизнь”. Жила она сложно и трудно, не знала и не искала покоя, ни благоденствия, всегда была в полной неустраиваемости, искренне утверждала, что “чувство собственности” у нее “ограничивается детьми и тетрадами”. Марина Цветаева пишет не только стихи, но и прозу. Проза Цветаевой тесно связана с ее поэзией. В ней, как и в стихах, важен был факт, не только смысл, но и звучание, ритмика, гармония частей. Она писала: “Проза поэта — другая работа, чем проза прозаика, в ней единица усилия — не фраза, а слово, и даже часто — мое.” В прозе же она любила распространить, пояснить мысль, повторить ее на разные лады, дать слово в его синонимах. Проза Цветаевой создает впечатление большой масштабности,

«ОНА БЫЛА ПОЭТОМ...»

Марина Цветаева оставила глубокий и неизгладимый след в русской литературе. Ее трагическая судьба привлекает внимание исследователей, критиков, общественности. О Марине Цветаевой, ее творческом и жизненном пути написано немало книг и статей.

Секрет столь большой популярности русской поэтессы обуславливается романтизмом ее души, слиянием ее судьбы с поэзией. Лирика была неотъемлемой частью жизни М. Цветаевой. В стихах она выразила свои сомнения, переживания мечты. Отсюда сложность и богатство чувств, наполняющих ее произведения, многообразие тем и мотивов ее лирики. Любовь, горечь разлуки, одиночества, желание смерти, тоска по родине, — все это нашло отражение в творчестве поэтессы.

«С детства и до конца жизни, — указывает исследовательница А.А. Саакянц, — Мариной Цветаевой правило воображение». Она жила — в своем особенном, созданном ею «волшебном» мире чувств и переживаний. Все события, происходившие в ее жизни, преломлялись через романтический мир ее души.

Романтизм М. Цветаевой отразился и на ее лирике. Порывистость, насыщенность символами, образность характеризуют стихотворения поэтессы. Будучи романтической натурой, Марина Цветаева воспринимала все, что происходило в окружающем ее мире, в жизни всей душой, полностью отдаваясь своим переживаниям, чувствам. Отсюда трагизм ее судьбы, ее лирики.

В каждом своем стихотворении она раскрывает одну из граней своей души. М. Цветаева делится с читателем своими сомнениями, охватывающими ее противоречиями, чем и обуславливается «двойственность» ее произведений. С одной стороны, в них сочетаются богатство, насыщенность чувств со

сдержанностью и даже твердостью; с другой стороны, сложность переживаний выражается простым языком. Пример тому стихотворение «Мне нравится, что Вы больны не мною...»:

Отличительная особенность поэзии Марины Цветаевой заключается также в том, что все темы и мотивы ее лирики находятся во взаимодействии, тесно переплетаются между собой. Так, любовь, воспетая в ранних стихах как возвышенное, светлое чувство, перерастает в страдание, сливаясь с темой разлуки, одиночества (сравните, например, ее стихотворения: «Я сердцем пребуду твое...», «Мы с тобою лишь два отголоска...»).

Значительное место в лирике М. Цветаевой занимает тема поэта. По ее мнению, у человека в жизни есть два пути. Один из них — это дорога поэта, по которой идут «избранники», наделенные «высоким даром». Данный путь тернист, обрывист и грозит гибелью. Он похож на полет кометы («Поэт издали заводит речь...»).

С особым трепетом М. Цветаева относилась к А.С. Пушкину. Ему она посвятила немало своих стихотворений, в частности, цикл «Стихи к Пушкину». Вступая в диалог с великим русским классиком, М. Цветаева делилась с ним своими сокровенными мыслями, потаенными чувствами. Отсюда переключки тем их творчества (сравните, например, стихотворения «Я помню чудное мгновение...», «Я Вас любил...» и «Я Вас люблю всю жизнь и каждый день...»).

Лирика Марины Цветаевой — особая страница в истории мировой литературы. «Поэт предельной правды чувства, она со всей своей не просто сложившейся судьбой, со всей яркостью и неповторимостью самобытного дарования навсегда вошла в русскую поэзию первой половины XX века».

А.Б. ТЕМИРБОЛАТ,
д.ф.н., профессор,
заведующая кафедрой истории и теории казахской литературы

весомости, значительности. Мелочи, как таковые, у Цветаевой просто перестают существовать, люди, события, факты всегда объемны. Цветаева обладала даром точно и метко рассказать о своем времени.

К 30-м годам Марина Цветаева совершенно ясно осознала рубеж, отделивший ее от белой эмиграции. Важное значение для понимания поэзии Цветаевой, которую она заняла к 30-м годам, имеет цикл «Стихи к сыну». Здесь она во весь голос говорит о Советском Союзе, как о новом мире новых людей, как о стране совершенно особого склада и особой судьбы, неудержимо рвущейся вперед — в будущее, и в само мироздание — «на Марс».

Марины Цветаеву — поэта не спутаешь ни с кем другим. Ее стихи можно безошибочно узнать — по особому распеву, неповоротливому ритму, необычной интонацией. С юношеских лет уже начала сказываться особая цветаевская хватка в обращении со стихотворным словом, стремление к афористической четкости и завершенности. Наследие Марины Цветаевой велико и трудно обозримо. Среди созданного Цветаевой, кроме лирики — семнадцать поэм, восемь стихотворных драм, автобиографическая, мемуарная, историко-литературная и философско-критическая проза. Ее не впишешь в рамки литературного течения, границы исторического отрезка. Среди сборников стихов следует отметить «Лебединый стан», «Вечерний альбом», «Волшебный фонарь», «Версты»,

«Ремесло», «После России».

Личная драма поэтессы переплеталась с трагедией века. Она увидела звериный оскал фашизма и успела проклясть его. Последнее, что Цветаева написала в эмиграции, — цикл гневных антифашистских стихов о растоптанной Чехословакии, которую она нежно и преданно любила. Это поистине «плач гнева и любви», Цветаева теряла уже надежду — спасительную веру в жизнь. Эти стихи ее, — как крик живой, но истерзанной души. В 1939 году Цветаева восстанавливает свое советское гражданство и возвращается на родину. Тяжело ей дались эти семнадцать лет на чужбине. Она мечтала вернуться в Россию «желанным и жданным гостем». Но так не получилось. Личные ее обстоятельства сложились плохо: муж и дочь подвергались необоснованным репрессиям. Цветаева поселилась в Москве, готовила сборник стихотворений. Но тут грянула война. Тут-то ее и настигло одиночество, о котором она с таким глубоким чувством сказала в своих стихах. Измученная, потерявшая веру, 31 августа 1941 года Марина Ивановна Цветаева покончила жизнь самоубийством. Могила ее затерялась. Долго пришлось ожидать и исполнения ее юношеского пророчества, что ее стихам «как драгоценным винам настанет свой черед».

С.С. СУЛЕЙМЕНОВА,
старший преподаватель
кафедры довузовской подготовки
ФДО

Бетті жүргізген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кітапханасының кітапханашысы Шынар МҰҚАШЕВА

17-23 ақпан аралығында ҚазҰУ-дың 80 жылдығына арналған бадминтоннан 67-ші факультетаралық Спартакиада өтеді



Ерзат Асыл 1990 жылдың 9 қазанында ҚХР, Тарбағатай аймағы, Шиху қаласында дүниеге келген. Халықаралық, республикалық, университеттік жыр мүшәйраларының жеңімпазы. Бүгінде Ерзат әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, журналистика факультетінің 1 курс студенті. Өзіндік стилі қалыптасқан жас ақынның жырын сіздердің назарларыңызға ұсынып отырмыз.



Досжан БАЛАБЕКҰЛЫНЫҢ ФОТОСЫ

Барам сенен тұнған сырды қуалап

Естілгенде ескі жырдың сарыны,
Мұңлы әуенге бас ұратын барша қыр.
Ақ бас шыңдар аза мұңын жамылып,
Қарауытып жататұғын Хантәңір.

Қандай ғажап туған дала іңірі,
Өз даланды өлгеніңше сүй жүрек.
Ымырт кеште тұлпарлардың дүбірі,
Рухымды кететін еді түйгілеп.

Тамырында тарих қаны тасыған,
Дейтіндей бір дала-дастан жырласын.
Отқа оранып отыратын жас ұлан,
Ойына алып бабалардың сұлбасын.

Көкірегін жарып аспан көгінің,
Беу, замандар шежіресін безбендеп.
Жер бауырлап келе жатты қоңыр үн,
Ақын сезді, ал пенделер сезген жоқ.

Аспан кезіп бара жатты қоңыр үн,
Мәңгі ұлы еткен Қорқыт баба өлімін.
Нені айтасың құндақтағы сәбиге,
Қоңыр үнге қосақталған өмірім.

Жалын жыры жатар көкпен шарпысып,
Сені жырлар жалғыз жүрек бар мұнда.
Тұрды жүрек, тұрды жүрек ант ішіп,
Тәңір таудың алдында.

Далам менің дастанымның жыр тілі,
Баба таулар батанды бер дұғалап.
Ілінгенше ғұмырымның кірпігі,
Барам сенен тұнған сырды қуалап.

Түн жыры (Мұрат Шаймарғанға)

Кет жасындар, жүрегімді оспалап,
Жет ғасырлар, құпияңнан аш парақ.
Сенің жұмбақ жинағыңды жастап ақ,
Мұңыңды оқып, сырыңды оқып жатырмын.
Кірпігімді мөлдір, мөлдір жас тарап,
Жүрегіңде толқып жатыр, мұң мұхиттың толқыны.
Ал кеудең ше, сағыныштың дастаны ақ,
Сұлу аспан, сұлу дүние көркіне,
Жүрсің бе аға, мас қарап.

Арман тұлпар, ұстата ма шылбырын,
Соны айтуда керуен күннің сыңғыры.
Дала жатты күйге елтіп өзгеше,
Құлағымда сан ырғақтың тұрды үні.
Бара жатты ғаламшарды әлдилеп,
Бөрілердің ұлып салған түн жыры.

Маған өктем өрлік айтқан сол үнді,
Маған ерен ерлік айтқан сол үнді.
О, тәңірім, ұмыттырма сол үнді,
Сол үн айтты тегімді.
Менің жаным сол бір үнге телулі.

Ғасырлардан аман қалған ажалдан,
Шайырлар жыр оқып жатты ғазалдан.
Оның әрбір ырғағына тыныстап,
Жыладым кеп, жыладым кеп уыстап.
Боз даланың топырағын бозарған,
Мен де өзіндей жанжарамды жаза алман.
Ғазал жырлар, жерден бе әлде көктен бе?
Уақытты басып озып жеткен бе?
Ажалдардан аман қалған ғазалдар,
Мәңгіліктің гимні боп кеткен бе?
Жалын жанар, жалын мәңгі жанарау,
Прометей жарқылындай от кеуде.
Айтшы ақыным, ата Қорқыт тірі ме?
Кім жақты шам қара аспанның түбіне,
Ажал қалған арқанына байланып,
Кеткен бәлкім айналып.
Қыл қобыздың тіліне...

Аңғарамын алып таулар асқар-ақ,
Бірақ, бірақ уақыт айтар кімді ұлы қылып тастамақ.
Ақын үшін нағыз бақыт жырлау тағы жырлану,
Онсыз оған бұйырмайды басқа бақ.
Кет жасындар, жүрегімді оспалап...
Жет ғасырлар, құпияңнан аш парақ.

Мен аңсаған Алматының көктемі

Көгілжім нұрлар, көктен тамар ма?
Қиялдан көркем ертегі дедің.
Шашыңды сылап ескен самалға,
Тербелді ме екен ерке жүрегің.

Күлімдеп сәуле, шуақ ән салар,
Түрленер түспен Алатау ертең.
Жамалыңды жаным сылаған самал,
Аңсаған көктемнің алақаны еркем.

Оранар жасыл жалынға жаның,
Назыңа тұншығып нала мұң қалар,
Көйлегі көктем ару қаланың,
Шаттығы бізге алауын жағар.

Жанымның сырын сездіріп тұнық,
Көкірігімнен ырғалып бір ән.
Бозаң бір кеште боз күлік мініп,
Аруым сені қырға алып шығам.

Сүйінем күнге, сүйінем гүлге,
Өзгерген шақта дүние мүлде.
Еркелігіңнен есім кетер-ау,
Күлсең бұлақтың күйімен бірге.
Билесең талдар биімен бірге.

Күлген бұлақтан күлкің сыңғырлы,
Көктеген гүлден көркің әдемі.
Мүмкін, жыр ма еді, мүмкін, сыр ма еді?
Жырла жүректің еркін әлемі.

Сәулелі сәттер жеткендей біздің,
Наздана күлші шақыр деп мені.
Көркін жырласам, көктемдей қыздың,
Алматы болар ма ақынға өкпелі?

Жарық жұлдыз өлімі

Құшағыңа құндақтап ап түн ана,
Ұйықта бөпем, ұйықта дерсің жылама.
Мызғыта ма, жүректегі жұлқыныс,
Жаза көрме күнәға.

Аңсай берем алыстағы аспанды,
Аспанды аңсау ақынға емес астамдық.
Көкіректен көкке ұлиды көкбөрім,
Көкжиекте мен аңсаған бостандық.

Қараңғы түн, қашан жетем ғашық таң,
Көк жүзіне жолақ-жолақ шашып қан.
Тек асығыс бара жатты бір жұлдыз,
Өзін -өзі өлтіруге асыққан.

Жарық жұлдыз өлімі,
Жүрегімді жұмбақ сырға теліді.
Секундтардың сыртылымен жатқандай,
Ажал күннің қоңырауы соғылып.

Бетті дайындаған Алмагүл ҚҰРМАНБАЕВА



Досжан Балабекұлының фотосы

ДАРАБОЗ

Қазақ, қашанда білекті де жүректі, палуан ұлдарымен мақтанады. Әңгімені бұлай бастауыма себеп болған, жақында Алматы қаласы, Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында Қазақстан Республикасы Самбо федерациясының ұйымдастыруымен самбодан әлем кубогі мен Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың арнайы сыйлығына арналған тартысты додадан мақтанышпен қайттық. Додаға он жеті мемлекеттің үкілеген үміттері, сенім артқан саңлақтары қатысты.



Жалпы есеп бойынша 11 салмақта үздік шыққан ресейлік палуандар көш бастады, екінші орында 6 салмақта жеңіске жеткен қазақстандық палуандарда болса, үшінші орынды үш салмақ бойынша үздік деп танылған Беларусьқа қанағат етті. Топжарған үздіктер қатарында 68 кг салмақ бойынша 3-орын иеленген, қарашаңырақ ҚазҰУ-дың "денешынықтыру және спорт" мамандығының 2 курс магистранты Жұмақанов Елдос Архатұлы бар. Аталған дода аяқталғаннан кейін толағай ұлдың табысы туралы Денешынықтыру және спорт пәнінің аға оқытушысы Біржан Бақаев әңгімелеп берген болатын. Ол қазіргі уақытта жастар дзюдо, самбо, қазақ күресіне бет бұрып, салауатты өмір салтын ұстап жүргендігін қуанышпен жеткізді. Осы бір әңгімеден кейін толағай ұлдың жарқын да жалынды, қиын да болса жеңіске толы спорттық жолы жөнінде өзінен сұрап білдік. Елдос Архатұлы бүгінгі таңға дейін біршама жарыстарға қатысып үлгеріпті. Атап айтар болсақ, 2013 жылы Тайландта өткен Азия чемпионатының қола жүлдесін, 2012 жылы Астанада өткен ТМД елдері арасындағы додада бірінші орынды, 2013 жылы ел ордасы Астанада өткен әлем чемпионатының бірінші орнын, тағы да басқа жарыстардың жүлделерін қанжығасына байлаған. Намысты да батыл палуан жаттықтырушысы Сейдолла Қалиевпен бірге алдағы уақытта Чехияда өтетін дзюдодан әлем кубогіне арналған жүректілер мен білектілер додасына дайындалып жатқанын тілге тиек етті. «Күреспен айналысу оңай емес, десек те замандастарым спортпен айналысса екен деймін! Ал жастар үшін көптеген спорттық секциялар ашылып, қазақ жастарын сол бір шынығу алаңына шақыру керек!», деді Елдос. Біздер де ер Елдостың айтқанына қосыламыз әрі толағай ұлдың таудай талабының арқасында ұлы жеңістердің куәсі боламыз деген ойдамыз!

Қымбат ТОЙЛЫБАЙ,

журналистика факультетінің 2 курс студенті

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ, ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ
«КӨКЖИЕК» ҒЫЛЫМИ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЛУБЫ**

ҚҰРМЕТТІ СТУДЕНТТЕР!

26 ақпан – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіровтің қаза болған күні. Әдебиетіміздің ҮШ БӘЙТЕРЕГІН еске алу мақсатында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дағы «КӨКЖИЕК» ғылыми-шығармашылық клубында 2014 жылы 28 ақпанда өтетін дәстүрлі «ҮШ БӘЙТЕРЕК» атты әдеби-танымдық кешке шақырамыз.

Кеш әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 80 жылдығына және С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіровтің 120 жылдық мерейтойына арналады. Кеш барысында бакалавр санатындағы студенттерге арналған «ҮШ БӘЙТЕРЕК» атты республикалық әдеби байқау ұйымдастырылады. Байқау:

1. Үш бәйтерекке арнау өлең (ұсынылатын өлеңдерді көрсетілген электронды мекенжайларға: mj_laila@mail.ru (aliasan1994@mail.ru) 2014 жылдың 27 ақпанына дейін жіберу керек).

2. «Үш бәйтерек» атты ғылыми эссе номинациялары бойынша өткізіледі. Эссе мәтіні 4-5 беттен аспауы тиіс, мазмұнында мына мәселелер қамтылып, ғылыми стиль, библиографиялық дәлдік сақталуы тиіс: 1. Шығармашылығының кезеңдері және басты шығармалары; 2. Шығармашылығын зерттеушілер; 3. Бір шығармасын мазмұндық-құрылымдық талдау; 4. Үш бәйтерек тағылымы (қорытынды).

Жеңімпаздар арнайы сыйлықтармен марапатталады. Жол шығыны қатысушылардың есебінен екенін хабарлаймыз.

Байқау қорытындысы 28 ақпан күні жарияланады.

Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті, 312-аудитория.

Байланыс телефондары:

**Ләйла Мұсалы 87012701868, mj_laila@mail.ru
Али Асан 8775 685 26 30, aliasan1994@mail.ru**

Студент 3 курса факультета биологии и биотехнологии КазНУ А. Уалиханов принес очередную победу профессиональному клубу боксеров Astana Arlans, выступая в составе его сборной.

ТАК ДЕРЖАТЬ, АСХАТ!



Асхат Уалиханов победил Максима Дадашева из России в весовой категории до 64 кг. на встрече четвертого сезона Всемирной серии бокса WSB между Astana Arlans и Russian Boxing Team в Казахстане. А.Уалиханов был настолько серьезно настроен на победу, что на протяжении трех раундов не прекращал свои нападения на соперника и оказался намного лучше его.

А.Уалиханов стал победителем в профессиональном боксе недавно, когда он выступил в составе казахстанской сборной по боксу Astana Arlans и показал явное преимущество над своим соперником Дамианом Кивири из клуба Poland Hussars (Польша).

Асхат – мастер спорта по боксу, многократный чемпион и призер Универсиад турниров г.Алматы и республики. Теперь его копилку побед пополнили и награды международного уровня. Желаем Асхату дальнейших блестящих побед!

Бахыт БАЙКУЛБАЕВ

заслуженный тренер РК,
доцент кафедры физвоспитания и спорта КазНУ

ВНИМАНИЕ, КОНКУРС!



КазНУ
им.аль-Фараби
при поддержке Союза журналистов и Академии журналистики Казахстана проводит открытый конкурс на лучшее освещение деятельности вуза среди журналистов и коллективов редакций отечественных и зарубежных СМИ, посвященный 80-летию университета.

Мероприятие нацелено на привлечение внимания СМИ к вопросам развития казахстанского образования, поддержку участия журналистов и СМИ в освещении образовательной, научной и инновационной деятельности ведущего вуза страны, укрепление позитивного имиджа казахстанского образования и науки в мировом сообществе.

К участию в конкурсе приглашаются зарубежные, республиканские, региональные, городские средства массовой информации и журналисты, опубликовавшие в печатных и он-лайн изданиях или выпустившие в теле- и радиоэфир материалы, отражающие историческое и культурное наследие, традиции университета, его научные достижения, а также современную деятельность вуза и перспективы его дальнейшего развития.

Награждение победителей конкурса состоится в конце мая во время торжественных мероприятий, посвященных празднованию 80-летия КазНУ им. аль-Фараби.

На конкурс принимаются материалы, опубликованные и прозвучавшие в эфире в период с 1 февраля по 20 мая текущего года. Работы направлять по адресу: 050040 г.Алматы, пр.аль-Фараби, 71, ректорат, пресс-служба КазНУ им.аль-Фараби с пометкой «Конкурс СМИ», каб. №1104, e-mail: Akmatal.Kuanysheva@kaznu.kz. Для контактов: тел.: 377-31-48.

Подробнее с положением о конкурсе можно ознакомиться на сайте <http://www.kaznu.kz>.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Тілшілер: Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА
Дизайнер – Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.
Электронды мекенжай: kazuniver-gazeti@mail.ru
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. "Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды. Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 177

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.